

Жәнібек ауданы әкімінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 8 "Жәнібек ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 23 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 қарашада № 4136 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабына "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабына сәйкес және Жәнібек аудандық сайлау комиссиясының келісімі бойынша, аудан әкімі **ШЕШІМ2Қ АБЫЛДАДЫ:**

1. Жәнібек ауданы әкімінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 8 "Жәнібек ауданы аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3491 тіркелген, 2014 жылғы 8 сәуірде "Шұғыла" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Жәнібек ауданының сайлау учаскелеріндегі өзгеріс туралы сайлаушыларға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлансын.

3. Жәнібек ауданы әкімі аппаратының басшысы (Ж. К. Абдолов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналасуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ж. К. Абдоловқа жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Р. Мұқаев

КЕЛІСІЛДІ

Жәнібек аудандық сайлау
комиссиясының төрағасы

_____ Ж. К. Абдолов

28.10.2015 ж.

Жәнібек ауданы аумағындағы сайлау учаскелері

1. № 136 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жәнібек ауылы, Жеңіс көшесі, № 2, "Жалпы білім беретін Т. Жароков атындағы орта" мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Жәнібек ауылы, Сарсенов көшесі, Нұрпейісова көшесі, Ниетқалиев көшесі, Тайманов көшесі, Жеңіс көшесі, Жароков көшесі, Жұмаев көшесі, 12-70, 25-83, Шарафутдинов көшесі, 45-131, 68-128, Байтұрсынов көшесі, 68-132, Мәметова көшесі, 1-9, Мусин көшесі, 1-5, 2, Қараш көшесі, 2-8.

2. № 137 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жәнібек ауылы, Абай көшесі, № 1Г, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Жәнібек колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекарасы: Жәнібек ауылы, Жұмаев көшесі, 1-23, Шарафутдинов көшесі, 1-27, 2-66, Байтұрсынов көшесі, 1-53, 2-48, Мәжитов көшесі, 1-73, 2-86, Абдрахманов көшесі, 1-57, 2-86, Жәнекешев көшесі, 1-5, 2-50, Қараш көшесі, 1-43, Өтемісов көшесі, 1-15, 2-8, Халиуллин көшесі, 1-11, 2-4, Абай көшесі.

3. № 138 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жәнібек ауылы, Жәнекешев көшесі, № 72, Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "№ 1 орта жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Жәнібек ауылы, Байтұрсынов көшесі, 67-131, Мәжитов көшесі, 89-175, 108-176, Абдрахманов көшесі, 97-181, 104-170, Жәнекешев көшесі, 74-152, 97-191, Ықсанов көшесі, 41-117, 90-152, Чурин көшесі, 17-29, 84-124, Абдуллин көшесі, 1-7, Мусин көшесі, 4-24, 7-27, Мәметова көшесі, 2-18, 23, 35-41, Қараш көшесі, 24-28.

4. № 139 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жәнібек ауылы, Өтемісов көшесі, № 26, Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Шекарасы: Жәнібек ауылы, Байтұрсынов көшесі, 50-66, 57-65, Мәжитов көшесі, 75-87, 88-106, Абдрахманов көшесі, 61-95, 88-100, Жәнекешев көшесі, 1-95, 52-72, Ықсанов көшесі, 1-39, 2-88, Иманов көшесі, 1-133, 2-178, Чурин көшесі, 2-82,

Мәметова көшесі, 11-21, 25-33, Қараш көшесі, 10-24, 45-57, Өтемісов көшесі, 10-18, 17-27, Халиуллин көшесі, 6-10, 13-23, Абай көшесі, 17, Шарафутдинов көшесі, 29-43.

5. № 140 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жәнібек ауылы, Қараш көшесі, № 65, Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Жалпы білім беретін А. Оразбаева атындағы негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Жәнібек ауылы, Егізбаев көшесі, Оразбаева көшесі, Наурыз көшесі, Мир көшесі, Масин көшесі, Новостройка көшесі, Халиуллин көшесі, 16-22, 25-33, Қараш көшесі, 30-46, 65-71, Новая жизнь, Казарма, Абдуллин көшесі, 2-18, Иманов көшесі, 135-183, Водстрой көшесі және "Ұмтыл", "Откорм", "Стационар" қыстақтары.

6. № 141 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ұзынкөл ауылы, мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Ұзынкөл ауылы, "Абдолла", "Мұратсай", "Негмет", "Мыңжас", "Сабила", "Нұрберген", "Шамұрат", "Апақаш", "Азамат" қыстақтары және Ақоба ауылының Абдрахманов көшесі, Иманов көшесі, Мусин көшесі, Әуезов көшесі және Абай көшесінің сол жағында орналасқан үйлер.

7. № 142 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Еңбекші ауылы, Еңбекші көшесі, № 15, "Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің Еңбекші бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Еңбекші ауылы, Ұзынкөл ауылдық округінің "Бруцеллез", "Баймұрат", "Құбаш", "Алты кашар", "Тәни", "Бірінші", "Инженер", "Арашайым" және Ақоба ауылдық округінің "Терек", "Ақкөл", "Передаточный", "Ордженикидзе", "Мәңгүр", "Сарай", "Кузнец", "Молотов-1", "Молотов-2", "Сүлеймен", "Пайыл" қыстақтары.

8. № 143 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Ақоба ауылы, мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Ақоба ауылы, Масин көшесі, Жароков көшесі, Сейфуллин көшесі, Мұқанов көшесі, Әубекеров көшесі, Халлиулин көшесі, Гайсин көшесі және Абай көшесінің оң жағында орналасқан үйлер.

9. № 144 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Өнеге ауылы, Мектеп көшесі, № 31, "Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің Өнеге бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Өнеге ауылы, "Құрманғазы", "Талас", "Комсомол", "Қызылоба", "Абдохай", "Арыстанғали", "Әліп", "Дәулет", "Темірғали", "Арық", "Өктеш шалашы", "Қантай" қыстақтары.

10. № 145 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жасқайрат ауылы, мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Жасқайрат ауылы, "Шошқа" қыстағы.

11. № 146 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Құрсай ауылы, "Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің Құрсай бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Құрсай ауылы, Көлтабан елді мекені, Күйгенкөл ауылдық округінің "Күйгенкөл", "Бескашар", "Төбебасы", "Саралжын", "Қоғалы", "Қарақұдық", "Бұқар", "Сарбоз", "Бассейн", "Астау салған" және Ақоба ауылдық округінің "Закария", "Жиенбет", "Дәулет" қыстақтары.

12. № 147 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Тау ауылы, мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Тау ауылы, Жігер елді мекені, "Третий", "Жігер-1", "Жігер-2", "Нұғман-1", "Нұғман-2", "Қошақай", "Стандарт", "Сапи", "Басеке", "Шеген", "Жыра", "Ұмтыл" қыстақтары.

13. № 148 сайлау учаскесі.

Орналасқан жері: Жұмаев ауылы, "Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің И. Жұмаев атындағы бастауыш мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Жұмаев ауылы, "Соналы-1", "Соналы-2", "Татран", "Марқа" қыстақтары

14. № 149 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Қамысты ауылы, мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Қамысты ауылы, "1 Май", "Әбен", "Насосный", "Желқалақ", "Жаңа тұрмыс", "Мәстек", "Қамысты", "Көкатөлген" қыстақтары.

15. № 150 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Тегісшіл ауылы, "Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің Тегісшіл жалпы білім беретін негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Тегісшіл ауылы, "Таткен" қыстағы.

16. № 151 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Борсы ауылы, Жәнібек аудандық білім беру бөлімінің "Ғ. Қараш атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Шекарасы: Борсы ауылы (Әубекеров, Құрылыс көшелерінен басқа), "Алпауыз", "Бөгет", "Мұнара", "Қайдар шалашы" қыстақтары.

17. № 152 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Жақсыбай ауылы, мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Жақсыбай ауылы, "Самат", "Жақсыбек", "Ертарғын", "Табылды", "Жақсылық", "Бөгет", "Әжіғұл", "Жалпақбас", "Зәкір", "Айдарлы" қыстақтары.

18. № 153 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Талов ауылы, мәдениет үйінің ғимараты.

Шекарасы: Талов ауылы, "Комсомол", "Аманат" қыстақтары және Жақсыбай

ауылдық округінің Ақадыр елді мекені, Борсы ауылының Әубекеров, Құрылыс көшелері.

19. № 154 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: Майтүбек ауылы, медициналық пункт ғимараты.

Шекарасы: Майтүбек ауылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ